

Әкімдіктің 2016 жылғы 19 ақпандағы № 71 "Облыстық бюджет қаражаты есебінен қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын азаматтық қызметшілердің айлықақыларымен және мөлшерлемелерімен салыстырғанда кемінде жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер белгіленетін, азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру және мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қостанай облысы әкімдігінің 2017 жылғы 24 наурыздағы № 149 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 11 сәуірде № 6980 болып тіркелді

2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексі 139-бабының 9-тармағына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қостанай облысы әкімдігінің 2016 жылғы 19 ақпандағы № 71 "Облыстық бюджет қаражаты есебінен қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын азаматтық қызметшілердің айлықақыларымен және мөлшерлемелерімен салыстырғанда кемінде жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер белгіленетін, азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру және мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6206 болып тіркелген, 2016 жылғы 4 сәуірде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген қаулының 1- қосымшасында:

"Денсаулық сақтау мамандарының лауазымдары" 1-тармағының 2) тармақшасы келесі редакцияда жазылсын:

"2) бөлімшенің басшысы, зертхана менгерушісі;";

"Әлеуметтік қамсыздандыру мамандарының лауазымдары" 2-тармағының 24) тармақшасы алынып тасталсын;

"Білім беру мамандарының лауазымдары" 3-тармағында:

2) тармақшасы келесі редакцияда жазылсын:

"2) жалпы білім беретін, жоғары техникалық мектептің, колледждің, училищенің, арнайы түзету ұйымдары мен барлық үлгідегі және түрдегі интернаттық ұйымдардың директоры (менгерушісі);";

келесі мазмұндағы 45), 46), 47) тармақшаларымен толықтырылсын:

"45) тілдері мүкіс балалармен жұмыс істейтін мұғалім (оку орындарындағы тілдері

мүкіс балалармен жұмыс істейтін мұғалім);

46) спорт мектебінің нұсқаушысы, нұсқаушы-әдіскері;

47) кеміс балалармен жұмыс істейтін мұғалім (дефектолог).";

"Мәдениет мамандарының лауазымдары" 4-тармағы келесі мазмұндағы 11), 12) тармақшаларымен толықтырылсын:

"11) облыстық маңызы бар мемлекеттік мекеме филиалының басшысы;

12) архивист, археограф, палеограф.";

"Мұрағат мамандарының лауазымдары" 5-тармағы алынып тасталсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Костанай
облысының әкімі*

A. Мұхамбетов

КЕЛІСІЛДІ

Костанай облыстық
мәслихатының хатшысы
_____ С. Ещанов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК